



*Орны: Бас корпусының конференц-залы  
Күні: 2024 жылғы 08 ақпан  
Уақыты: 15.00*

**№ 1 ХАТТАМА**  
**Қоғамның тұрақты дамуы жөніндегі**  
**Тұрақты комитетінің отырысы**

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТТІ:**

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор Г.Ә. Қанай

**ҚАТЫСУШЫЛАР:**

1. Ж.Қ. Рысбекова – Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор;
2. Е.Н. Жұманқұлова – Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
3. З.Д. Джумакулов – Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор;
4. Е.Ш. Дүсіпов – Басқарма мүшесі - Инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректор;
5. Н.Т. Шынтаев – Аппарат басшысы;
6. Қ.А. Әшінова – Филология институтының директоры;
7. Ж.Б. Әшірбекова – Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтының директоры;
8. Г.И. Салғараева – Физика, математика және цифрлық технологиялар институтының директоры;
9. Г.Ө. Байташева – Жаратылыстану институтының директоры;
10. Г.С. Оразаева – Педагогика және психология институтының директоры;
11. А.Қ. Қарабаева – Кәсіби білім беру колледжінің директоры;
12. К.С. Сүгірбекова – Стратегиялық даму департаментінің директоры;
13. Қ.М. Балажанова – Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры - Бас тіркеуші;
14. Р.Н. Елжасов – Инфрақұрылымдық даму департаментінің директоры;

15. М.М. Оразақов – Цифрлық технологияларды даму департаментінің директоры;
16. К.О. Хамзина – Біліктілікті арттыру орталығының басшысы;
17. А.М. Өтегенова – Кітапхана директоры;
18. С.Г. Елекеев – Стратегиялық даму орталығының жетекші маманы;
19. Ж.М. Ақынова – Филология институты директорының орынбасары;
20. А.Қ. Молдабаев – Химия кафедрасының аға оқытушысы;
21. Г.Б. Загитова – Шет тілдерін оқыту әдістемесі және мәдениетаралық коммуникация кафедрасының профессоры;
22. А.А. Оспанбаева – География кафедрасының оқытушысы;
23. А.А. Базарбаева – «Халықаралық отбасылық даму институтының» президенті;
24. Н.Р. Онласын – Студенттік Ректор;
25. Б.С. Әміркұл – Студенттік стратегиялық даму жөніндегі проректор.

#### **БОЛМАҒАНДАР:**

1. Кәсіподақ төрағасы;
2. Академиялық бағдарламаларды әзірлеу және сапасын қамтамасыз ету департаментінің директоры;
3. Ғылым департаментінің директоры;
4. HR департаментінің директоры;
5. Тұлғаны қалыптастыру департаменті директорының міндетін атқарушы;
6. Баспасөз қызметінің басшысы;
7. Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы;
8. Экономикалық-жоспарлау бөлімінің басшысы;
9. Жұмыс берушілердің өкілі (келісім бойынша);
10. Жергілікті атқарушы органның өкілі (келісім бойынша).

#### **АШЫЛУ СӨЗІ:**

##### **Басқарма Төрағасы - Ректор Ғ.Ә. Қанай**

- Құрметті тұрақты даму комитетінің мүшелері!

Сіздерді Университет өмірінің маңызды саласы – Тұрақты дамуға арналған, Университет комитеттерінің негізгі комитеттерінің бірі – Қоғамның тұрақты дамуы жөніндегі Тұрақты комитетінің бірінші отырысымен құттықтаймын. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры ретінде мен Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу біздің миссиямыздың ажырамас бөлігі болып табылатынына терең сенімдімін.

Қазіргі кезде адамдар климаттың өзгеруіне, су тапшылығына және басқа да экологиялық мәселелерге күн сайын тап болып отыр. Бұл ретте педагогикалық университеттердің рөлі ерекше маңызды. Біз болашақ педагогтардың білімі мен дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, экологиялық сауаттылықты қалыптастыру, гендерлік теңдік пен тұрақты өмір салтын көтермелеу үшін де жауаптымыз.

Университетіміздің ТДМ-ға қол жеткізуге белсенді түрде ұмтылу қажеттігін түсіну біздің ұранымыз ғана емес, сонымен қатар біздің қызметіміздің әрбір аспектісінде басшылыққа алатын қағидат болуы тиіс. Тұрақты дамуға бағытталған бірлескен күш-жігерімізбен біз айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алатынымызға және студенттеріміз, қоғамымыз және жалпы планетамыз үшін жақсырақ, тұрақты болашақты қалыптастыруға үлес қоса алатынымызға сенімдімін.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей ТДМ-ға қол жеткізу ұлттық басымдық болып табылады. Бұл біздің ортақ жауапкершілігімізді және осы үдерістегі рөліміздің маңыздылығын көрсетеді.

Осы отырыста баршамызға нәтижелі және шабыттандыратын жұмыс тілеймін.

## **БАЯНДАМАШЫ:**

### **Стратегиялық даму және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор Ж.Қ. Рысбекова:**

Өздеріңіз білетіндей, БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттары жөніндегі саммитінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі кезеңдегі күн тәртібі - қазіргі ұрпаққа гүлденген болашақ құруға берілген жалғыз мүмкіндік екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ТДМ-ға қол жеткізу ұлттық басымдық болып табылатынын және тұрақты даму қағидаттары елдің ұлттық стратегиялары мен бағдарламаларының негізіне айналғанын атап өтті. Сонымен қатар, ел Үкіметі әрбір екі жыл сайын 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы Күн тәртібін іске асыру туралы Ерікті ұлттық шолуды шығарады.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта ҚазҰҚызПУ халықаралық рейтингтердегі, оның ішінде дүниежүзі университеттерінің 17 ТДМ бойынша жетістіктерін бағалайтын рейтингтердегі өз позицияларын нығайту жөніндегі жұмысын жандандырды. ТДМ-дың 17-жетістігіне жету – кедейлік пен кедейшілікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікпен күреске, сондай-ақ планетаны қорғауға және бүкіл халық үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге зор үлес қосады.

Осыған байланысты, «Университеттің Times Higher Education Impact Ranking 2024 халықаралық рейтингіне қатысуы жөніндегі» кеңестің 27.10.2023 жылғы хаттамасы негізінде, «Қоғамның тұрақты дамуы жөніндегі

тұрақты комитетті құру туралы» Басқарма Төрағасының - Ректордың 29.12.2023 жылғы № 248 бұйрығымен (бұдан әрі - **Бұйрық**) Тұрақты даму комитеті (бұдан әрі - **Комитет**) Тұрақты комитеттің Ережесі бекітіліп, Университетіміздің сайтында Тұрақты даму жөнінде бет ашылды.

Осы бұйрықтың 3-тармағын іске асыру мақсатында Комитетке:

- БҰҰ-ның тұрақты дамуының 17 мақсатына сәйкес Қоғамның тұрақты дамуын іске асыру жөніндегі Саясат пен Жоспарды бекіту;
- одан әрі тұрақты негізде Жоспарға сәйкес қойылған мақсаттар мен міндеттерге тиімді қол жеткізу жөніндегі жұмысты жүргізу бұйырылды.

Сол себепті, Комитеттің барлық мүшелеріне ұсыныстар мен толықтырулар енгізу үшін Қоғамның тұрақты даму саясатының жобасы алдын ала жіберілген болатын.

Осыған байланысты, бүгін күн тәртібіне Тұрақты дамуға тиімді қол жеткізу жөніндегі саясатты және басқа да мәселелерді бекіту туралы мәселе шығарылады.

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

- 1) Саясатты бекіту;
- 2) Тұрақты даму және ТДМ бұрышын құру;
- 3) Тұрақты даму және ТДМ бойынша курсты іске қосу.

### **ШЕШІМ:**

#### **Отырыс қорытындысы бойынша ШЕШІЛДІ:**

1. Институттардың директорлары, олардың ішінде жауапты тұлға - Жаратылыстану институтының директоры, Комитеттің келесі отырысына дейін аумақты көгалдандыру, «Жасыл университетті» құру, су үнемдеу технологияларын енгізу, қалдықтарды басқару және бөлек жинау индикаторларын қоса алғанда «Есо Campus KNWTTU» жаңартылған стратегиясын әзірлесін;

2. Инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректор Бас корпусының Конференц-залында ТДМ бұрышын құрсын;

3. Инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректор студенттік Клубқа тұрақты даму және «Есо Life» қозғалысы мәселелері бойынша кабинет бөлсін;

4. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Тұрақты даму және ТДМ жөніндегі білім беру бағдарламасын енгізсін;

5. Аппарат басшысы Комитеттің келесі отырысына Комитеттің барлық мүшелері үшін Тұрақты даму белгілер дайындасын;

6. Маркетинг департаменті мен Цифрлық технологиялар департаменті Басқарма мүшелерімен тұрақты дамудың және ТДМ-ға қол жеткізудің маңыздылығы туралы ролик түсірсін.

**Отырыс қорытындысы бойынша ҚАБЫЛДАНДЫ:**

**1.** Келесі ұсыныстарды ескере отырып, Қоғамның тұрақты дамуы жөніндегі саясат қабылдансын:

- ESG-ге сілтеме көрсету;
- Саясатта көрсетілген НҚА-дің барлығына сілтемелерді көрсету;
- Қоғамның бекітілген саясаттарын көрсету.

**Дауыс берді:** «қарсы емес» 25 адам, «қарсы» 0 адам.

**Төраға**

**Басқарма Төрағасы - Ректор  
Г.Ә. Қанай**

**Хатшы**

**Стратегиялық даму  
департаментінің директоры  
К.С. Сүгірбекова**